«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ТАБИҒИ
МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА
ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ
МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

город Павлодар

№

№ 90-НҚ:23.10.2026

«Baskom KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу қызметіне тариф және тарифтік смета бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8, 12, 15 және 16-баптарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 312-тармағына, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 79 және 80-баптарына, Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасы Заңының 64 және 65-баптарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті туралы ереженің 14-тармағының 9) және 11) тармақшаларына сәйкес, «Baskom KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2026 жылғы «19» қыркүйектегі № 478723/32057 өтінімін, қоса берілген материалдарды қарастырып, тариф және тарифтік смета жобасын қараудың нәтижелері туралы 2026 жылғы 22 қазандағы қорытынды негізінде,
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Baskom KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу қызметіне тариф және тарифтік смета осы бұйрыққа берілген 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаментінің табиғи монополиялар мен бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Baskom KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

3. «Baskom KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарифтің бекітілгені туралы ақпаратты қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаментінің заңнаманың сақталуын бақылау, талап-арыз және

ұйымдастыру жұмысы бөлімі жариялануға жататын ақпаратты уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырымда қалдырамын.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Тариф «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы және Тарифтерді қалыптастыру қағидаларында белгіленген мерзім сақтала отырып, 2026 жылғы «1» қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

7. Әкімшілік рәсімге қатысушы осы бұйрық қабылданғандығы туралы белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабында қарастырылған тәртіпте, осы бұйрыққа Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетіне шағым жасауға құқылы.

Басшының м.а. **К. Байгожанова**

ҚР ТЖМ ІІМ Павлодар облысы бойынша Департаменті РММ
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТЫҢ КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
ҚОЛЫ

ТМБР бөлімінің басшысы _____ К. Кишкентаева
ТМБР бөлімінің бас маманы _____А. Жапарова



Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика
Министрлігі Табиғи монополияларды реттеу
Комитеті Павлодар облысы бойынша
Департаментінің 2026 жылғы
«____» _____ №_____
бұйрығына қосымша

«Baskom KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу қызметіне тарифтік смета

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілді
1	*2*	*3*	*4*
I	**Тауар өндіруге және қызметтерді көрсету үшін шығындар, барлығы**	**мың. теңге**	**20 231,01**
1	**Материалдық шығындар, жалпы, оның ішінде:**	**-//-**	**10 825,90**
1.1.	жанармай (көмір)	-//-	5 013,3
	оның ішінде тасымалдау		3 340,0
1.2.	электр энергия	-//-	1 886,6
1.3.	материалдар		586,0
2	**Еңбек шығындары, барлығы**	**-//-**	**9 213,12**
	оның ішінде:		
2.1.	еңбекақы	-//-	2 223,6
2.1.1	әлеуметтік аударымдар	-//-	111,2
2.1.2	міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру	-//-	66,7
2.1.3	міндетті кәсіби зейнетақы жарналары	-//-	111,2
2.2.	қазандық операторларының еңбекақысы	-//-	5 929,6
2.2.1	әлеуметтік аударымдар	-//-	296,5
2.2.2	міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру	-//-	177,9
2.2.3	міндетті кәсіби зейнетақы жарналары	-//-	296,5
3	**Өзге шығындар, барлығы, оның ішінде:**	**-//-**	**192,0**
3.1.	еңбекті қорғау (жұмыс киімі)	-//-	192,0
II	**Кезең шығындары, барлығы**	**-//-**	**2 401,49**
4	**Жалпы және әкімшілік шығындар, барлығы**	**-//-**	**2 401,49**
4.1	әкімшілік персоналының жалақысы	-//-	2 223,6
4.2	әлеуметтік аударымдар	-//-	111,2
4.3	міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру	-//-	66,7
III	**Жалпы шығындар**	**-//-**	**22 632,5**
IV	**Жалпы кірістер**	**-//-**	**22 632,5**
V	**Көрсетілетін қызметтердің көлемі**	**мың Гкал**	**0,705**
	халық	-//-	0,114
	өзге тұтынушылар	-//-	0,591
VI	**Нормативтік ысыраптар**	**Гкал**	30,5
		%	0,3
VII	**Тариф (ҚҚС-сыз)**	**теңге/Гкал**	**32 102,84**
	халық	-//-	3 360,1
	өзге тұтынушылар	-//-	37 647,1

Ақпарат үшін			
	Жұмысшылардың орташа саны, оның ішінде	**адам**	**6**
	Өндірістік персонал, жұмысшылар	-//-	1
	Өндірістік персонал, қазандық операторы	-//-	4
	Әкімшілік персонал	-//-	1
	Оның ішінде орташа айлық жалақы	***теңге***	**185 300**
	Өндірістік персонал	-//-	185 300
	Әкімшілік персонал	-//-	185 300

